



# **Адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырудың анықталуын медициналық куәландырудың ЕРЕЖЕСІ**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 қазандағы "ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы", 1997 жылғы 19 мамырдағы "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасы туралы" N 1808, 2001 жылғы 14 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасында 2001-2005 жылдарға арналған ЖҚТБ індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі бағдарламасын бекіту туралы" N 1208 қаулыларына сәйкес әзірленген, ЖҚТБ ауруының алдын алудың арнайы шараларын өткізудің тәртібін белгілейді және Қазақстан азаматтары мен республика аумағындағы өзге де адамдардың адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтыруын анықтауға бағытталған. Қараныз K090193; қараныз P061216

2. Осы ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:  
ерікті тексеру - толық ақпарат негізінде адамдарды олардың ықыласы бойынша тексеру ;

аты-жөнін атамай тексерілу - адамдардың жеке басын куәландыратын құжатты көрсетпей тексерілуі;

құпия түрде тексеру - нәтижесі туралы тек тексерілуші мен оған тікелей көмек көрсеткен медициналық қызметкер ғана білетін тексеру. Құпия түрде тексерудің нәтижелері жарияланбайды және тексерілуші мен медициналық қызметкерден басқа ешкімге берілмейді;

міндетті түрде тексеру - толық ақпарат негізінде тексерілуші өз қызметін бұдан әрі жалғастыру жағдайы (қан мен басқа да биологиялық сұйықтықтардың, органдар мен тіндердің доноры) ретінде өтуге тиіс тексеру;

клиникалық көрсеткіштер бойынша тексеру - клиникалық көрсеткіштері бар адамдарды толық ақпарат негізінде олардың келісімі бойынша тексеру;

толық ақпарат негізінде тексеру - тексерілушіні тек тестіден өтер алдындағы консультация беру барысында оған түсінікті тілде АҚТҚ-ға тексерудің барлық зардаптары туралы, сондай-ақ осы тексеруге балама (мысалы, басқа жерде өту мүмкіндігі) туралы толық ақпарат алғаннан кейін ғана орындалатын АҚТҚ-ға тексеру ;

психологиялық-элеуметтік консультация беру - консультация алушының

мінез-құлқы ерекшеліктеріне байланысты тексерудің міндеттері мен себептерін талқылау, АҚТҚ инфекциясын жұқтыру қаупінің дәрежесін бағалау, тестінің нәтижелерін хабарлағаннан кейін көңіл-күйі жағдайы мен тесттің нәтижелерін хабарлағаннан кейін болуы ықтимал зардаптарды анықтау, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына үйрету мақсаты бар консультация алушы мен консультант арасындағы құпия түрдегі әңгімелесу;

мәжбүрлеп тексеру - тексеруші жағынан келісім алуға қарамастан белгіленген тәртіппен уәкілетті құқық қорғау органы берген қаулы бойынша толық ақпарат негізінде АҚТҚ-ға тексеру. Мұндай тексерудің нәтижелері тексерілушіні мәжбүрлеп тексеруге жіберген жаққа ғана беріледі.

3. Қазақстан Республикасында тексерудің мынадай түрлері жүргізіледі:  
ерікті - толық ақпарат негізінде аты-жөнін атамай немесе құпия түрдегі;  
міндетті түрде - құпия түрде толық ақпарат негізінде алынған тексерілушінің келісімімен тексеру;

клиникалық көрсеткіштер бойынша - толық ақпарат негізінде алынған аты-жөнін атамай немесе құпия түрдегі;  
мәжбүрлеп - уәкілетті құқық қорғау органының қаулысы бойынша АҚТҚ-ға тексеру.

4. АҚТҚ-ға тексерудің мақсаты:

- 1) гемотрансфузия мен трансплантация қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) эпидемиологиялық мониторингі: эпидемияны болжау мен бірінші кезектегі тәртіппен алдын алу бағдарламаларын ұсынуды қажет ететін топтарды анықтау үшін АҚТҚ-инфекциясының таралу деңгейін, халықтың жекелеген топтарының зақымдалу деңгейін бағалауды жүргізу;
- 3) АҚТҚ-инфекциясының диагнозын анықтау болып табылады.

## **2. Ерікті тексеру**

5. АҚТҚ-ға медициналық куәландырудан өтуге ықылас білдірген Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар тексерілушінің талғамы бойынша: құжаттарын көрсетпей (аты-жөнін атамай), құжаттарды немесе өзі туралы деректерді көрсете отырып, (дәрігерлік құпияны сақтай отырып, құпия түрде) тексеріледі.

## **3. Міндетті түрде тексеру**

6. Қан мен өзге де биологиялық сұйықтықтарды, ағзалар мен тіндерді тапсыратын донор әрбір тапсырған кезде міндетті түрде тексеріледі.

#### 4. Клиникалық және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша тексеру (ересектер мен балаларды)

Ескерту: 4-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 26 желтоқсандағы N 648 бұйрығымен.

7. Шығу тегі белгісіз синдромдар мен белгілер:
  - 1) ұзақтығы 1 айдан астам қызба;
  - 2) бездердің екі және одан да астам топтарының 1 айдан астам ұлғаюы;
  - 3) ұзақтығы 1 айдан астам диарея;
  - 4) түсіндіруге болмайтын дене салмағының 10 % және одан астам азаюы.
8. Болжамды немесе расталған науқастанулар:
  - 1) ұзаққа созылатын қайталанатын пневмония мен әдеттегі емдеуге бой бермейтін созылмалы бронхиттер;
  - 2) пневмоцисті пневмония;
  - 3) өкпедегі және өкпе сыртындағы туберкулез;
  - 4) әдеттегі емдеуге бой бермейтін қайталанатын ұзаққа созылатын пиродермиялар;
  - 5) өңештің, бронхтардың, кеңірдектің, өкпенің, ауыз бен мұрын қуыстарының шырышты қабықтарының кандидозы;
  - 6) терең микоздар (криптококкоз, споротрихоз, аспергиллез, изоспороз, гистоплазмоз, стронгилоидоз, актиномикоз және т.б.);
  - 7) Капоша саркомасы;
  - 8) тілдің түкті лейкоплакиясы;
  - 9) сепсис, ішкі ағзалардың ұзаққа созылған және қайталанатын ерінді-бактериялық аурулары;
  - 10) бас миының лимфомасы;
  - 11) жітілеу менингитті энцефалит;
  - 12) үдемелі ошақты лейкоэнцефалопатия;
  - 13) орталық нерв жүйесінің токсоплазмозы;
  - 14) бұрын дені сау адамдардағы бастапқы шала естілік;
  - 15) жыныстық қатынас жолымен берілетін өте ауыр түрде өтетін жұқпалар (ЖЖБЖ) - сифилис, гонорея, урогенитальды хламидиоз, генитальды ұшық, вирустық папилломатоз, трихомониаз және т.б.;
  - 16) күллі ағзаға тараған цитомегаловирусты инфекция;
  - 17) қарапайым ұшық вирусынан туындаған созылмалы күллі ағзаға тараған инфекция;
  - 18) 60 жасқа дейінгі адамдардың белбеуленіп қайталанатын теміреткемен ауыруы;
  - 19) әйелдердің этиологиясы түсініксіз жыныс мүшелерінің ауыр түрдегі



12. АҚТҚ-ға тексеруді АҚТҚ жұқпалы ауруын ИФА-диагностикалаумен айналысу құқығына мемлекеттік лицензиясы бар барлық зертханалар жүргізеді. АҚТҚ-ны растайтын сарысулар қайта бақылау жасау үшін ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес аумақтық орталықтарына жіберіледі.

13. Тестілеудің нәтижелері тексерілушінің өзіне тестілеуден кейінгі психологиялық-әлеуметтік консультация берудің барысында хабарланады. Тексерілушіге психологиялық әлеуметтік консультация беру мүмкін болмағанда құқық қорғау органдарының қаулысы бойынша мәжбүрлеп тестілеу жағдайынан басқа жағымды нәтижелерді ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтың дәрігері хабарлайды.

14. Азаматтарға АҚТҚ-ға антиденелерге тексерудің жағымсыз нәтижелерін растайтын анықтама-сертификаттарды беруге тек шетелге барған кезде, қабылдайтын ел анықтама-сертификатты талап еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі. Анықтама-сертификат егер тексерілуші тексерілуге келген кезде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда ғана берілуі мүмкін. Анықтама-сертификатты беру ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықта жүргізіледі.

15. АҚТҚ-ның тасымалдануы туралы ақтық нәтижені республикалық ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығының референс - зертханасы береді.

16. Қызметтік міндеттемелерін орындауға байланысты адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышын жұқтырудың анықталуын медициналық куәландыруды жүргізу мен оның нәтижесі туралы мәліметтерге ие болған медициналық қызметкерлер мен өзге де адамдар заңмен қорғалатын бұл мәліметтерді құпия түрде сақтауға міндетті.

17. Осы Ереженің орындалуы үшін жауаптылық пен оны іс жүзінде жүзеге асыру жергілікті атқарушы органдарының денсаулық сақтау департаменттеріне, басқармаларына, бөлімдеріне жүктеледі.